

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 26 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі
Е.Қ. Нағаспаевқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ерсайын Қайырғазыұлы!

Қазіргі өмірді, әртүрлі салаларда кеңінен қолданылатын пластикалық бұйымдарсыз (бөтілкелер) елестету қиын. Алайда, пластикалық қалдықтардың көлемінің өсуі, оларды қайта өңдеп, кәдеге асыру қазіргі уақытта өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстанда полиэтилентерефталат (ПЭТ) қалдықтарын қайта өңдеу бойынша бірнеше зауыт жұмыс істеуде. Өңірлерді аралау барысында, біз, Түркістан облысындағы «Бадам» индустриялық аймағында орналасқан осындай зауыттардың бірінде болдық. Заманауи жабдықталған зауыт пластикалық қалдықтарды полиэфирлі талшықтарға қайта өңдеуге бағытталған. Бұл өнім, жол құрылысында, жеңіл өнеркәсіпте және басқа салаларда да сұранысқа ие, өнімнің нарықтағы құны тоннасына 2,5 мың АҚШ долларға дейін жетеді.

Өкінішке орай бүгінгі күні, зауыттың қуаты 50 пайыздан кем жүктелген, себеп шикізат тапшылығы. Оған себеп, қазақстандық қоқыс полигондарынан жиналатын ПЭТ қалдықтардың негізгі көлемі белсенді түрде көрші елдерге экспортталып жатыр.

ПЭТ қалдықтары жаңа пластик бұйымдарын өндіру үшін пайдаланылатын негізгі қайталама шикізат болып табылады. Бүгінде, Қазақстанның өзінің ПЭТ өндірісі жоқ. Яғни, қайта өңдеу кәсіпорындары, тек ел ішінде жиналатын пластикалық қалдықтарының көлеміне тәуелді. Бұл, пластик қалдықтарды, ішкі нарық үшін стратегиялық маңызды ресурс қылады.

2022 жылы 27 мамырда Қазақстанда ПЭТ қалдықтарын экспорттауға жарты жылға тыйым салынған болатын. Бұл мерзім, кәсіпорындарды толыққанды шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді (ИИДМ 27.05.2022 ж. № 289 бұйрығы).

Алайда, тыйым алынып тасталғаннан кейін, отандық зауыттардың шикізаты күрт азайып, өндіріс деңгейі төмендеп, кәсіпкерлер көптеген жұмыс орындарын қысқартуға мәжбүр болды.

Елімізде ПЭТ қалдықтарын экспорттауға 6 айлық мерзімге тыйым салынғаны, өзінің оң нәтижесін беріп, ішкі қайта өңдеу мен қайталама шикізатты өндіру үшін тұрақты база құруға жақсы мүмкіндік жасады. Бұндай шектеу көрші Өзбекстан елінде 2013 жылдан бері қолданыста.

Кәсіпкерлер, ПЭТ шикізаты негізіндегі өнімге сұраныс болған жағдайда, осы салаға инвестиция тарту қиын болмайтынына сенімді. Инвесторлар, қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету проблемасының шешілмеуіне алаңдаушылықпен қарауда.

Осылайша, ПЭТ қалдықтарын экспорттауға тыйым салу, ел ішіндегі ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Осыған байланысты, «Ақ жол» депутаттық фракциясы Қазақстаннан ПЭТ шикізатын экспорттауға тыйым салу мәселесін қайта қарауды ұсынады.

**Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттары**

**С. Ерубаяев
А. Перуашев
Д. Еспаева
Е. Барлыбаев
Қ. Иса
Е. Бейсенбаев**

*Орынд.: Уакпаева А.
Тел. 746751*